


Туған ауылдарына
қайтып оралды
2-бет



Фемида
бюросы
3-бет



Жабайы аңдарды
қорғайық
4-бет



КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 77 (7863)
Сәрсенбі,
14 қазан 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» газеті

АРАЙ

ЖАҢАЛЫҚТАР

КӨРМЕМЕН ТАНЫСТЫ

2015 жылғы 9 қазанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Г.Н.Әбдіқалықова ҚР Ұлттық мұрағаты ұйымдастырған «Қазақ хандығына 550 жыл» атты көрмені аралап көрді. Іс-шараға сондай-ақ, Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері, тарихшы ғалымдар, мұрағатшылар қатысты.

Көрмеге қатысушыларға Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағатының қорында сақтаулы тұрған құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысында Қытай, АҚШ, Ресей, Түркия, Франция және басқа да елдердің мұрағаттары мен ғылыми мекемелерінен табылған Қазақ хандығының тарихы бойынша құжаттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының белгілі қоғам қайраткерлерінің жеке қорлары ұсынылды.

Мемлекеттік хатшы көрмемен танысу барысында, сондай-ақ, Ұлттық мұрағаттың және Археография және деректану Ұлттық орталығының ұжымдарымен кездесіп, онда мұрағат ісін дамытудың өзекті мәселелері талқыланды.

Қазақстан Халықаралық мұрағаттар кеңесінің «ХМК» толық құқылы мүшесі болып табылады, ол әлемнің 190-нан астам еліндегі 1400-ге жуық мүшелерді біріктіреді.

Бүгінгі таңда Ұлттық мұрағаттың мұрағат қорында 2007 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі

кезеңде қабылданған 220 мың 772 бірліктігі құжаттар сақтаулы тұр.

Археография және деректану Ұлттық орталығында 26 елдің 111 мұрағаты мен кітапханаларынан 46 мыңнан астам құжаттар мен қолжазбалар тізбесін құрайтын автоматтандырылған «Электронды каталог» ақпараттық жүйесі қызмет етеді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Г.Н.Әбдіқалықова өз сөзінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы халықтың діңгегі берік тарихи санасына арқа сүйейтінін және бірлік пен келісімді нығайтуға бағытталғанын атап көрсетті.

Сондықтан, ғылыми және тарихи құндылыққа ие мұрағаттық құжаттар мен материалдарды сақтау, зерделеу және насихаттау бойынша жұмыстарды тереңдету айрықша маңызды. Сондай-ақ, Гүлшара Әбдіқалықова мұрағаттық құжаттар – жаңа жеңістер мен өрлеулер үшін сарқылмас күш-қуат беретін қазақстандық патриотизмнің қайнар көзі екенін атап өтті.

Кездесу соңында Мемлекеттік хатшы Г.Н.Әбдіқалықова мемлекеттік органдардың басшыларына еліміздің мұрағат ісін одан әрі дамытуға бағытталған нақты тапсырмалар берді.

ШҚО әкімдігінің баспасөз қызметі.

Ауылшаруашылық дақылдарын жинау белсенді жүргізілуде

Қазақстанның негізгі астықегуші аймақтарында дөңді дақылдарды жинау белсенді жүргізілуде. Биылғы жылдың көктеміндегі егістік науқаны ауа-райының қолайсыз жағдайларының себептерімен біраз созылып кеткені белгілі. Бүгінде күзгі жаңбырлар мен салқын түскенге дейін жинау жұмыстарын дер кезінде өткізу аса маңызды. Басты аграрлық шараларды сапалы әрі уақытылы өткізуге «ҚазАгро» Ұлттық холдингі өз көмегін көрсетуде, ол осы кезге дейін республиканың аграрлық құрылымдарын 92,8 млрд. теңгеге қаржыландырды. Осы қаражаттардың негізгі бөлігін Холдингке агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін республикалық бюджеттен бөлінген 60 млрд. теңге көлеміндегі несиелер қарастырылды.

Бюджеттік несиелер «ҚазАгро» Ұлттық холдингімен өзінің еншілес ұйымдарының («Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰК) АҚ, «Аграрлық несиелер корпорациясы» АҚ) және екінші деңгейлі банктардың (ЕДБ) арасында бөлінген. Қаражаттың мақсатты орны:

- кейіннен агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін несиелеу үшін, соның ішінде көктемгі-егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу мақсатында айналым қаражатын толықтыру; ауылшаруашылық өнімдерін сатып алуды жүзеге асыру арқылы кейіннен ауылшаруашылық тауар өндірушілерін қаржыландыру;
- Шарттың жолының 1) тармақшасында көрсетілген мақсаттарға кейіннен ауылшаруашылық тауарөндірушілерін қаржыландыру үшін несиелер серіктестіктерін несиелеу.

- ауылшаруашылық өнімдерін сатып алуды жүзеге асыру арқылы кейіннен ауылшаруашылық тауарөндірушілерін қаржыландыру, соның ішінде бидай мен арпаны форвардтық сатып алу арқылы.

Бүгінгі күні осы қаражаттарды игеру шамамен 59 млрд. теңгені немесе шамамен жоспардың 98%-ын құрады. Ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің 2 251 өтінімі қаржыландырылды.

ЕДБ арқылы агробизнесі қорландыру құралы «ҚазАгро» Ұлттық холдингімен өткен жылғы сияқты фермерлердің қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейту мақсатында қолданылды. Банктардың бағдарламаға қатысу саны 2014 жылмен салыстырғанда 4-тен 8-ге дейін екі есеге өскенін атап өту қажет. Олар бойынша қаржыландырудың жалпы көлемі 33,5 млрд. теңгені құрайды. Бүгінгі таңда 100% қаражат игерілген.

Бюджеттік несиеден басқа, «ҚазАгро»

холдингінің еншілес компаниялары меншікті қаражаты есебінен көктемгі-егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландырды. Мысалы, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ – «Егінжай» бағдарламасы бойынша, «Аграрлық несиелер корпорациясы» - Несиелер серіктестіктері жүйесі арқылы, «ҚазАгроҚаржы» АҚ – ауылшаруашылық техникасының лизингі бағдарламасы бойынша.

Аграрларға егін жинау науқанын уақытылы жүргізу үшін көмек ретінде «ҚазАгроҚаржы» желісі бойынша ауыл тұрғындарының отандық өндіріс қоймаларын жөндеуіне сатып алу бағдарламасы енгізілді. Бұл бағдарлама бойынша шарттар 10% көлеміндегі аванстық төлем мерзімін 2015 жылғы 15 қарашаға дейін ұзарту арқылы 7 жыл мерзімді көздейді. Ауа-райы жағдайларының мүмкін бұзылып кету қаупін ескере отырып, ұқсас жағдайлар ден тазалағыш және дөңді кептіргіш жабдықтарды лизингке сатып алу үшін көзделген.

Жалпы жылдың басынан бастап 42,6 млрд. теңге сомасына 3452 бірлік ауылшаруашылық және арнаулы техникалар мен жабдықтар сатып алуға шарттар жасалды, соның ішінде - 303 комбайн, 1148 трактор, 1279 бірлік арнаулы техника, 60 бірлік технологиялық жабдықтар, 2 бірлік қайта өңдеуші жабдықтар, 660 бірлік басқа техникалар.

Астық сақтау қуаттылығын кеңейту мақсатында «ҚазАгро» Ұлттық холдингі астық қоймаларын салу және жаңартуға өтінімдерді қабылдауды және қарастыруды жүзеге асырады. 2014 жылы сақтау сыйымдылығы 76,5 мың тонна қуаттылықты құру/кеңейту бойынша 5 жоба іске қосылды. Ағымдағы жылы 200 мың тоннадан кем емес сақтау қуаттылығын пайдалануға беру жоспарланады, қуаттылығы 422 мың тонна жобалар іске асырылу сатысында.

«ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі АҚ оның құрамына кіретін компаниялардың инвестициялық активтерін тиімді басқаруды қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асырады. Холдингінің құрамына: «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» Ұлттық компаниясы АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Аграрлық несиелер корпорациясы» АҚ, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, «ҚазАгроӨнім» АҚ, «ҚазАгроМаркетинг» АҚ, «ҚазАгроКепіл» АҚ кіреді.

«ҚазАгро» холдингі
АҚ Баспасөз қызметі.

■ Күн тақырыбына

Сенімдеріне берік

Міне, Алтайдың алты айлық ақшұнақ қысы да босағадан сығалап, төбеге келіп төніп тұр.

Жекеменшік иелерінің үйлеріне от жаға бастағалы қашан? Тас қабырғалы кейбір мекемелердің қызметкерлері жұмыс орындарын электрлі пешпен жылытып жан сақтауда. Оның тұтынушыларының мүддесімен серіктестіктің Катонқарағайдағы учаске бастығы Ерлан Рамазановпен жолығып, жылу беру қазандықтарының қысқа дайындығы жөнінде сұрағанымызда, ол еш мүдірмеді.

- Биылғы қысқа дайындығымыз жаман емес,- деді. - Жылу беру қазандықтарының үшеуі де - ауданаралық аурухананың, Ленин атындағы орта мектептің, орталық қазандықтың қазандары уақытында жөнделіп, жарамсыздары жаңаланды. Басшымызбен қосымша бір қазандықты Үлкен Нарыннан алуға келісіп отырмын. Таскөмірден де ондай үлкен мәселе туындамайды деп ойлаймын. Серіктестікте қуатты жаңа көлік құралдары жеткілікті.

Жалпы, Ерлан Рамазанов осы өңірдегі жылу беру жүйесіндегі ең бір білгір маман. Тоқсаныншы жылдардың соңында орталық қазандыққа тракторшы болып жұмысқа кірген ол, соңғы он екі жыл учаске бастығы бола жүріп, коммуналдық шаруашылықтың қырсырын жете меңгеріп алды. Қазір ол Катонқарағай ауылындағы жылу мен су құбырларының жүйесін жатқа біледі және бүлінген жерлері болса, «көзін жұмып-ақ» тауып бере алады. Ерлан Рамазанов бастаған, сантехниктер Жомарт Әбугенов, Василий Карпов, жүргізуші Амангелді Қанапин тағы басқалар қостаған еңбек ұжымының табанды еңбектерінің арқасында бұған дейін Катонқарағай ауылында от жағу маусымы ешбір төтенше жағдайсыз өткізіліп келді. Бұдан былайғы уақытта да солай болсын деп тілейік-те. Бір мың метрлік жылу мен 16 километрлік су жүйесі жоғарыда есімдері аталған азаматтармен бақылануда. Осыдан отыз-қырық жыл бұрын жүргізілген жылу жүйелері өбден ескіріп, тозып тұрса да, өз мүмкіншіліктеріне сенген жылу берушілер биылғы маусымды да өз деңгейінде өткізуге бекем бел байлауда.

-Катонқарағай ауданаралық ауруханасы мен Ленин атындағы орта мектептің жылу жүйелерін қысыммен тексеріп шықтық,- дейді Е.Рамазанов. -Құбырлары берік екен. Орталық бу қазандығынан таралатын құбырлардың жарамсыз бөліктерін ауыстырдық, «Қаратай» спорттық сауықтандыру кешеніне тартылған құбыр жаңартылды. Музыка мектебіне баратын су құбырының ақауын анықтадық.

Соның әсерінен осы уақытқа дейін интернат үйінің үшінші қабатына су бармай келген екен. Қазір бұл ақау жөнделді. Онымен бірге қалған тұтынушыларға да су беру жағдайы түзелді.

Жұмыстары біртіндеп оңалуға бет алған «Нарын-Сервис» ЖШС-нің Катонқарағай учаскесі тұрғындар сеніміне де ие бола бастады. Соңғы екі жылдың ішінде бірнеше жекеменшік иелері үйлеріне, дүкендеріне жылу енгізіп, су құбырларын тартып алды.

Бүгінде орталық бу қазандығымен ауылдық әкімшіліктің, интернаттың, саз мектебінің ғимараттарымен бірге үш қабатты бір тұрғын-үй, кәсіпкерлер Н.Шалғынбаев, М.Шатанова, Б.Рахымжанова, Р.Өлкенова тағы басқалардың дүкендері жылытылып отыр.

Е.Рамазановтың айтуы бойынша, алдағы жазда Катонқарағай ауылы ішінде жылу мен су беру жүйелерін шеңберлеу жұмыстарын жүргізу қолға алынбақ. Бұл жоспарлары іске асса, көптеген тұрғын-үй иелері мен мемлекеттік мекемелерге коммуналдық қызмет көрсетіліп, тұрмыстық қолайлылық жасалынатын болады.

Ж. Қабдуәлиев.
Суретте:Е. Рамазанов.



Шағын бизнес

Осыдан екі ай бұрын Жамбыл ауылының тұрғындары Гаухар Төтекенова жұбайы Талант Мұсайыновпен көптен бергі армандарын жүзеге асырды – өз істерін ашты. Олар дүкен ғимаратын күнделікті сұранысқа ие тауарларымен қоса сатып алды. Гаухар құжаттарын өз аттарына ауыстырып, жеке кәсіпкер атанды. Сауда нүктесін кенже ұлы Ерсұлтанның есімімен атауды ойластыруда.

Туған ауылдарына қайтып оралды



– Біз туған ауылымызға 2009 жылы Белоусовка кентінен көшіп келдік. Ол жақта бес жылдай тұрдық. Ол кезде ауылда жұмыс жоқ, жағдай қиын еді. Жұбайым шахтаға жұмысқа орналасып, он жылдай істеді. Өткен жылға дейін ол келіп-кетіп жүрді. Бірақ, жуықта шахта жабылды, ал бригаданы Ресейге ауыс тырды. Барып-келу қиын болғандықтан Талант жұмыстан өз еркімен босады. Белоусовкада тұрып жатқан уақытта мен университеттегі оқуымды аяқтадым, онан соң, мектеп жанындағы шағын орталықта жұмыс істедім. Біздің өз үйіміз болды, оны сатып, осы қаржыға даяр бизнес, дүкенмен қатарлас үй және «Газель» автокөлігін сатып алдық. Біздің отбасылық өміріміздің бір көрінісі осындай, – дейді Гаухар. – Бізді үнемі туған жеріміз тартып тұрды. Мұнда барлығы таныс, үйреншікті. Өлдебір себептермен өз ауылынан қоныс аударғандарға мен қайтып оралуға кеңес берер едім. Өйткені, қалада пәтер жалдап, орасан қаржы жұмсау қажет. Ал ауылда бос тұрған үйлер көп. Мұнда тұрмысыңды қалаға қарағанда, әлдеқайда жақсартуға болады. Тек ерінбесен болғаны: мал өсіріп, бау-бақша ек. Азық-түлік те экологиялық таза. Ал, қолайлы жағдайды өз қолыңмен жасауға болады, – дейді менің сұхбаттасым.

Жас кәсіпкерлерге ШҚМУ-дың сырт-тай бөлімінің студенті, қыздары Әсем көмектеседі. Ол дүкенде анасының ор-

нына сауда жасауға да, үй шаруасына да қолғабыс жасайды.

Дүкен сөресінде азық-түліктің сан-алуан түрі бар. Саудада жеміс-жидек, көкөніс, шұжықтар және шаруашылық тауарлары да бар.

– Қазір адамдар көбінесе киім-кешек емес, азық-түлік алады. Сондықтан, біз азық-түлікті үнемі жаңалап әкеліп отырамыз. Он күнде бір мәрте облыс орталығындағы толайым сауда рыногына барамыз. Фирмалардан да азық-түлік әкелінеді, бірақ, оларда бізге қажеттінің бәрі бірдей бола бермейді. Біз тұрғындар сұранысын қанағаттандыруға тырысамыз: мен ауылдастарымыздың қажеттілігін зерттедім. Күнделікті сұранысқа ие шылым, кант, жармалардың бағасын көтермейміз, – дейді дүкен иесі.

Кәсіркерлер Өрел ауылындағы нау байханамен келісім-шарт жасасқан: күнделікті нан әкелініп тұрады. Оған ешқандай үстеме ақы қосылмай, әр бөлкесі 65 теңгеден сатылады.

– Біз осыдан екі ай бұрын, баға көтеріліп жатқанда ашылғанбыз. Бірақ, мұнан да қиын уақытты бастан өткердік қой. Алла жазса, бәрі де орнына келер. Қазіргі уақытта зейнетақы да, еңбекақы да төленіп тұр, демек, дүкендер де жабылмайды. Ал біз, ауылдастарымыздың игілігі үшін еңбек етеміз, – деп сөзін аяқтады Гаухар.

Татьяна Самойлова.
Сурет автордікі.

Мәдени өмір

Ауыл киші көңілі

Ауылдың мәдениет ошағы – клуб, шығармашыл, белсенді қызметкерлердің іс-әрекеті арқасында, әр жастағы және мамандықтағы тұрғындарды біріктіретін орталық болып табылады. Сонымен қатар, қарапайым ауыл адамдарының таланттарын ашып, демалыстарын ұйымдастыруға күш салады. Берел ауылдық клубының меңгерушісі Отарбаева Гүлмайра Сәбидолдақызы үшін, клуб өмірінің ажырамас бөлігі мен мәні болуда.

Г. Отарбаева ауылдық мерекелер мен мәдени шаралардың ұйымдастырушысы. Оның мамандығы – тамаша концерт және қойылымдармен адамдарға қуаныш пен жақсы көңіл-күй сыйлау. Және ол бұл қызметін үлкен құлшыныспен, мүмкіндігінше ауыл адамдарының өздерін қатыстырып жасауға тырысады.

Көпшілігіміз өмірлік жолымыздың бағытын мектепте оқып жүргенде-ақ, анықтап қоямыз. Гүлмайра Сәбидолдақызының өмірінде де солай болды.

– Барлығы да өзім оқыған мектеп қабырғасынан басталды. Мен үнемі мерекелік шараларға, көріністерге қатысатынымын, оның бәрі маған өте ұнайтын. Онан соң, Өскемен қаласындағы мәдени-ағартушылық училищесінің режиссерлік және көпшілік шараларды ұйымдастыру бөліміне оқуға түстім. Оны аяқтап, диплом алған соң, туған ауылыма клубқа жұмысқа тұрдым, содан бері осы саладан кеткен емеспін. Клубта жұмыс істеу үшін, ұйымдастырушылық қабілет болу керек, адамдарды қызықтырып, мәдени шараларға тарта білу қажет. Мереке күндері мәдениет ошағы адамға толы болса, еңбегіңнің еш болмағаны. Клубта мерекелік шаралар ұйымдастырып, өткізуге ауылдық округ әкімдігінің қызметкерлері, ауылдық кітапхана кітапханашы, жергілікті мектеп мұғалімдері мен оқушылары көмектеседі, – дейді Г.Отарбаева.

Көңілді де, тапқыр Гүлмайра Сәбидолдақызы клубта «Кел, билейік!»



би үйірмесін ұйымдастырды. Мұнда қыз-келіншектер ұлттық билерді үйреніп, сахна төрінен ауылдастарын қуантады.

Біз ауылдық клубқа барған сәтте, мұнда қарттар Күніне арналған мерекелік шара өтіп жатты. Олар үшін мектеп оқушыларының күшімен концерт ұйымдастырылып, мол дастархан жайылды.

– Гүлмайра – шығармашылық қабілеті бар, нағыз мәдениет қызметкері. Мұнда әртүрлі шаралар, тартысты сайыс тар өткізіліп, біз оларға белсене қатысып, уақытымызды қызықты өткіземіз, – дейді Г. Отарбаева жайлы ауыл зейнеткері Нұрбану Әбдрекеева.

– Бұл мамандықты таңдағаным еш өкінбеймін, – дейді Гүлмайра Сәбидолдақызы. Маған адамдармен жұмыс істеу ұнайды. Ал, 2013 жылы клуб ғимараты күрделі жөндеуден өткізіліп, іші жарық, жылы болғандықтан, ауыл адамдары өткізілетін шараларға толықтай келіп, белсене қатысады. Ол үшін аудан басшылығына үлкен рахметімізді айтамыз.

Жанар Қасымханова.
Сурет автордікі.

МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ

Қарттарым – асыл қазынам

Ақиқатты айқындап қариялар,
Бара жатыр азайып қариялар.
Дауыл тұрса бүлк етіп

толқымайтын,
Бара жатыр сарқылып қариялар.
Немене жетістің бала батыр?
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне

Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр, – деп Мұқағали Мақатаев айтқандай, мерекелік іс-шарамызды осы өлең жолдарымен бастадық. Бұл бір сыр-шыл өлеңде бүгінгі күннің көрінісі жатқан жоқ па?

«Ат тұяғын тай басар» дегендей, өмір заңдылығымен бір қария келместің кемесіне мінсе, сол атамыздың өкшесін басатын ұрпақ – болашақ, зиялы келешек өсіп келеді. Мектебімізде «Қарттарым-асыл қазынам» мерекелік іс-шара өткізіліп, қарияларға дастархан жайылып, үлкен сый-сияпат көрсетіліп, аталардың көңілдерінен шыға білді. «Батаменен ел көгерер» дегендей, аталарымыз батасын беріп, мұғалімдерге, оқушыларға алғыстарын білдірді.

Оқушылардың өлеңдерінен, көріністерінен көздеріне жас алған қариялар болашақ ұрпақтың түсініктерінің терең екендіктеріне көздері жетіп, көңілдері толды.

Аққайнар

Жуықта ауылындағы мәдениет үйінде қарттар күні аталып өтті. Бұл мерекелік іс-шараға ауылдың еңбек ардагерлері, тыл еңбеккерлері, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, зейнеткерлер шақырылды. Қонақтар үшін үлкен дастархан жайылды. Құттықтау сөзді ауылдық округ әкімінің міндетін атқарушы Ш. Құрманова, ақсақалдар алқасының төрағасы Мәулетхан Жусанбаев, жеке кәсіпкер С. Бәзілбекова алды. Олар осындай мереке өткізу Аққайнарда дәстүрге айналғанын айтып, жиналған қауымды мерекелерімен құттықтап, өмір жолдарында көп қиыншылық көрсе де аяңбай еңбек етіп, ұрпақтарын өсіріп жеткізіп, әлі де қоғамдық өмірге белсене қатысып отырғандары үшін алғысын айтып, дендеріне саулық, отбасыларына бақ-береке, тыныштық тіледі. Әр адамның өткені болмаса, болашағы күңгірт болар. Өткені деген мағынаға ата-бабаларымызды, мынау бүгінгі жиынға қатысып отырған қариялардың өткен өмірлері, жасаған тірліктері туралы біліп, ұрпаққа жеткізіп отыру біздің міндетіміз. Халқымызға төн үлкенді сыйлау, ол адамдарға сый-құрмет көрсету. Бүгінгі өткізіліп отырған іс-шара соның айғағы іспетті.

Шара барысында сөз сөйлеген ауыл ақсақалдары Әбіхан Зұрғымбаев, Әлібек Байгереев, Назырқан Отыбаев, Байғажи Жақияров, Құмарбек Сайырбаев, ақ жаулықты әжелер Жібек Дадырова, Нүрилә Байғонысова, Фаина Пантелеева жас кездерінде көрген қиыншылықтарын

Қарттар үйінде қалыпты

қарттарымыз, қиналып, жанарлары жасқа толып. Қазір қиын олардың жайы, күйі, Осы болып, мінекей, жеткен жері. Қаншама жәудіреген ақсақалға, Пана болып отыр ғой қарттар үйі – дегендей, өз отбасынан жылу таппаған қарттарымыз қарттар үйлерінде өмірлерін жалғастыруда. Мектеп оқушылары өлеңдерімен, «Соқыр ана зары», «Анашым», «Қарашал» әндерін шырқады, өз өлеңдерін оқыды. Шырқалған әнге қоса қойылымдар мен көріністер тамашалап, қариялардың көңілдері көтеріліп, бір сәт марқайып қалды. Мектеп мұғалімі мен оқушыларының өткізген іс-шарасына сүйсініп, рахметтерін жудырды. Концерт соңында естелік суретке түсіп:

Құттықтаймыз мейрамыңмен

аталар,

Әр күлгенің бізге бақыт саналар.

Еңбегіңді еш етпейтін өмірде,

Елің жұртың ұл мен қызың бағалар,

– деген саналы оймен оқушылар мен мұғалімдер қарияларды шығарып салды.

А. Қалиева,
Жаңаулгі негізгі орта мектебінің мұғалімі.



айтып, осы заманға, Елбасымыздың саясатына ризашылықтарын білдіріп, қарттарды жылда дастархан басына жинап жүрген әкімшілік, мәдениет қызметкерлеріне, концерт қойып берген мектеп оқушыларына рахметтерін айтты.

Жиналған қауым, ауыл тіршілігі жайлы айтып, өздерінің жаңалықтарымен бөлісіп, қосылып ән айтып, мересәре болды. Ұйымдастырушыларға алғыстарын айтып, өздерінің тек отбасыларына ғана емес сонымен қатар қоғамға қажеттіліктері барына дән риза болып, үйлеріне жасарып, марқайып қайтты.

Ауылының мықтысы қайсы десе мынау деп көрсете алатын кәсіпкерлер Бауыржан Бәзілбеков, Ерланбек Болғанбаев, Валерий Базарбаев, Тоқтарқан Әмисолтанов, Болат Бекбо-сынов осы отырыстың ас мезірін өздері көтеріп, мейірімділік айында ауыл қарияларына осылайша сый жасады.

С.Құрманов,
Аққайнар ауылдық округінің маманы.

«Қарттарым асыл – қазынам

паналарым,

Құрметтейміз сіздерді даналарым.

Көңілдің ағысынан құласаң да,

Өмірдің биігінен құламағын.

Үлкен Нарын ауылдық лицейінің «Лицей кеңесі» өзін – өзі басқару ұйымының бір қанаты ретінде 7-10 сыныптар оқушыларынан құралған «Қолқанат» топтары жұмыс істейді. Әр сынып оқу жылы басынан өз топтарының жұмыс жоспарын жасап, әр топтың қамқорлығына ауылымыздың бір қарт адамынан бөлінеді. Олар: В. Нечаева, Н. Колмакова, Е. Сосновская, Е. Чочеткова, Г. Блинова, Т. Сидельникова, А. Пивкина, З. Трубникова. Үстіміздегі оқу жылында да өскелең ұрпаққа үлкенге құрмет көрсету, патриоттық тәрбие беру мақсатында, дәстүр бойынша қыркүйек айының соңғы аптасында Халықаралық қарттар Күніне орай «Қарттарымызды аялайық» атты мектепішілік шара өтті.


Аталған іс-шара барысында 6-11 сынып оқушылары мен мектеп ұжымы арнайы құрылған жоспарға сай күзгі қайырымдылық жәрмеңкесіне белсене қатысып, қаражат жинады. Жиналған қаражатқа «Лицей кеңесі» мүшелері қарттарымызға арнайы сыйлықтар дайындады. 28 қыркүйек пен 1 қазан аралығында «Қолқанат» топтары жалғызбасты қарттардың үйлерінде тазалық жұмыстарын жүргізіп, сыйлықтарын тарту етті. Сонымен қатар, бұл шараға мектеп оқушыларымен қатар мектеп ұжымы да атсалысты. Мереке күні Үлкен Нарын ауылдық лицейі ұжымы атынан жалғызбасты зейнеткер Н. П. Егоринге де сыйлықтар табыс етілді.

Қарттарымызды аялайық, құрметтейік!

Тахмина Меримбаева,
«Лицей кеңесі» өзін – өзі басқару ұйымының президенті.

ФЕМИДА БЮРОСЫ

Алимент қарызы



Балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру – баланың ҚР Конституциясымен кепілдік берілген құқықтары мен мүдделерін қорғаудың басты қағидасы болып табылады.

Ата-аналар арасында әртүрлі өмірлік жағдайларға байланысты көмекке толмаған балаларына алиментті өндіру қажеттілігі туындап жатады. Осыған байланысты алимент деген не, алиментті кім талап ете алады және кім төлеуі тиіс деген сұрақ туындайды. Алимент - «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексіне» белгіленген жағдайларда бір отбасы мүшелерінің оның өзге мүшелерінің пайдасына төлеуге міндетті белгілі бір ақшалай қаражат. Сот тәртібімен өндірілетін алимент неғұрлым таралған түрі – көмекке толмаған баланы асырауға төленетін төлемдер. Баланы асырау – ата-анасының заңмен бекітілген міндеті, бұл жерде ата-анасының некеде болуы, азаматтық некеде немесе ажырасқан болуы да мүлде маңызды емес.

Аталған санаттардағы істер бойынша

Катонқарағай аудандық сотына ағымдағы жылдың басынан бері көмекке толмаған балаларына алиментті талап ету туралы 20 өтініш түскен, оның ішінде 18 қанағаттандырылып, сот бұйрығы шығарылған.

Осы күнде баласына берешек алиментті ауырысынып, жалтарып жүрген ата-аналар бар. Жалпы соттың шешімін орындамайтын, бауыр еті баласына алимент төлемейтін, қашқын ата-аналарға заң алдында қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Аудандық сотта қаралған қылмыстық істі мысал ретінде келтіруге болады: 15.09.2015 жылы Катонқарағай аудандық сотымен азамат «М»-ға қатысты ҚР ҚК-нің 139-бабымен, яғни «Ата-ананың көмекке толмаған балаларын, сол сияқты он сегіз жасқа толған еңбекке қабілетсіз балаларын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеу жөніндегі міндеттерін үш айдан астам орындамауына»-байланысты қылмыстық іс қаралды.

Сот үкімімен сотталушы «М» Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 139-бабы бойынша айыпты деп танылып, оған 1 (бір) жыл бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалды. Сотталған азамат «М»-ға мамандандырылған органға хабарламай тұрақты тұратын, жұмыс істейтін және оқитын жерін өзгертпеу, мамандандырылған органның рұқсатынсыз белгілі бір жерлерге бармау, оқудан және жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерінен кетпеу, көңіл көтеретін жерлерге бармау, отбасына материалдық көмек көрсету міндеттерін орындау жүктелді.

Медиацция – құқықтық, білікті мемлекетке айналу мүмкіндігі



Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық жолы, тек ол туралы толыққанды халық арасында насихатталмағандықтан, елдің медиацция (бітімгершілікке) деген сенімдері өте төмен дәрежеде. Сондықтан, бұқаралық ақпарат көздерін немесе халықпен тікелей жұмыс жүргізу арқылы Медиацция заңының қолдану шегін, дауларды сотқа дейін жеткізбей, медиаторлардың көмегімен шешуге болатынын қарапайым халыққа түсінікті тілмен жеткізу қажет деп ойлаймын.

Медиаццияның басты міндеті - бұл дауды (дау-шар-ды) шешуді екі тараптың да талаптарын қанағаттандыру деген тараптардың дауласушылығын төмендету, сонымен қатар, судьялар жұмысын және басқа да құқыққорғау органдарының жұмысын азайту.

Медиацция тәртібі бойынша тараптар ерікті түрде ниет білдіруі қажет. Көп жағдайда сот шешіміне бір ғана тарап қанағаттанады, ал екінші тарап шешімге келіспей істі апелляциялық, кассациялық немесе қадағалау сатысына қайта қарауға өтініш білдіреді. Әрбір сот сатысының өз қаралу уақыты және шағымға қоса төленетін баж салығы бар. Медиацция тәртібі азаматтардың уақыты мен қаржысын үнемдеуге көп септігін тигізеді. Сонымен қатар, екі тарапқа да тиімді шешім болмақ, өйткені медиацция келісімінде жеңген және жеңілген жақ болмайды. Бітімгершілікпен қабылданған шешім орындауға да ыңғайлы. Келісімде орындалу тәртібі, уақыты барлығы екі жақ келісімімен өз еркімен жазылып, екі жақ қол қою арқылы бітеді.

Соттарда қаралатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ, онша ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыстар туралы, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастарды бітімгершілік келісімге келу жолымен, яғни, медиацция тәртібімен аяқтау, тек іске қатысушы жақтар үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін құқықтық, білікті мемлекетке айналуға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Г. Күдербаева,
№ 2 аудандық сотының судьясы.

Өз құқығыңды білесің бе?

Заманауи қоғамға сәйкес, адамдарға деген талап арта түсуде. Қазіргі уақытта өз құқығын біліп, өзгенің құқығын сыйлай білетін белсенді адам қажет. Өз құқығын білумен қатар, бағыт-бағдар ала білген әркімге қажет.



Катонқарағай аудандық соты мектеп оқушылары арасында «Құқықтық викторина» ұйымдастырды.

Бұл интеллектуалды құқықтық викторинада Қ. Дамитов, В.И. Ленин, Үлкен Нарын ауылдық лицейінің 11 сынып оқушыларынан құрылған 3 топ жарысқа түсті.

Викторина бірнеше сайыстан тұрады. Топ басшыларымен өткізілген сайыс оқушылар арасында аса қызығушылық туғызды. Жағымды таңданыстар мен көрермендердің сүйіспеншілігі мұның дәлелі.

Іс-шара көрермендері мен әділқазы алқасының пікірінше, аталмыш сайыстардың өткізілуі өскелең ұрпақта Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерін оятады.

Аталмыш шара қатысушыларына сыйлықтар мен грамоталар табысталды. Бірінші орынды В.И. Ленин атындағы орта мектебінің оқушылары, ал екінші орынды Қ. Дамитов атындағы орта мектебінің оқушылары алды, үшінші орынға Үлкен Нарын ауылдық лицейінің оқушылары иеленді.

Өткізілген шараға қатысқан мектеп директорлары мен ұстаздары Катонқарағай аудандық сотының



ұжымын қызықты және танымды сайыс өткізгендері үшін алғыстарын айтты.

Басқа пәле тілден...

Ағымдағы жылдың қыркүйек айының 21 жұлдызында Катонқарағай аудандық сотының қаулысымен Үлкен Нарын ауылында орналасқан «А» дүкенінің сатушысы азаматша «К»-ні жөнсіз балағаттап, ар-намысына тиетін сөздер айтқаны үшін азамат «Ф» әкімшілік жазаға тартылды.

Сот мәжілісінде құқық бұзушы азамат «Ф» 16.09.2015 жылы қоғамдық орында бола тұра, себепсіз, Үлкен Нарын ауылында орналасқан «А» дүкенінің сатушысы азаматша «К»-ға

балағат сөздер айтып қорлағанын және істеген ісін толық мойындап, өкінетіндігін, іс бойынша жиналған құжаттардың заңдылығын дауламайтынын, құжаттарды зерттеуді талап етпейтінін айтты.

ҚР ӨҚБТК-ның 434-бабы, 1-бөлігімен айыпталған азамат «Ф»-ға қатысты аудандық сот, 10 айлық есептік көрсеткіш, яғни 19 820 теңге мөлшерінде айыппұл салу туралы қаулы шығарды.

Сот залынан

Аудандық сотта қылмыстық іс медиацция тәртібімен қысқартылды

ШҚО Катонқарағай аудандық сотында ҚР ҚК 293 б. 1 б. бойынша қылмыс жасағаны үшін азамат «К»-ға қатысты қылмыстық іс қаралды.

Сотта істі қарау кезінде, сотпен медиацция дауларды реттеудің балама тәсілі ретінде кәсіби емес медиаторларды қатыстырумен екі жақты татуластыру бойынша шаралар қабылданды, нәтижесінде, дау шешіліп, татуласуларына бай-

ланысты істі қысқарту туралы өтініштер сотқа ұсынылды.

Сот қаулысына сәйкес, жәбірленушімен татуласуына және медиативті келісімнің жасалуына байланысты қылмыстық іс қысқартылды.

Аудандық соттың
баспасөз қызметі.

Сотқа құрметтемеушілік білдірген үшін жауапқа тартылды

Катонқарағай №2 аудандық сотымен азаматтар Р. және С. қатысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік Құқықбұзушылық Кодексінің 653-бабының 1-бөлігі бойынша, яғни, сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін әкімшілік құқықбұзушылық туралы істері қаралды. Аталған бап бойынша процеске қатысушылардың қатысуынсыз соттың істі одан әрі қарауы мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың шақыру қағазы бойынша сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен көрінген сотты құрметтемеушілік құқықбұзушылығы үшін жауапкершілік қарастырылған. ӨҚБТК-нің 653 бабы 1 бөлігімен ескерту жасауға, не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғатын жаза түрлері қарастырылған.

Азаматтар Р. және С. азаматтық істер бойынша жауапкер ретінде сотқа шақыру қағазын ала тұра, белгісіз себептермен сотқа келмегені үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылып, әрқайсысына үш тәулік мерзімнен әкімшілік қамау жазасы тағайындалды.

Ж. Труханова,
№ 2 аудандық соттың кеңсе меңгерушісі.

Спорт

Жарыс өткізілді

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай, 4 қазан күні аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің ұйымдастыруымен Шыңғыстай орта мектебінде волейболдан БЖСМ ашық біріншілігі өтті. Оған аудан мектептерінен 8 команда қатысты. Тартысты ойындар нәтижесінде бірінші орынды Шыңғыстай орта мектебінің командасы иеленді (жаттықтырушы Жан-дос Байғалиев). Екінші орынды Чернова орта мектебінің командасы (жаттықтырушы Еділ Сәрсенбаев), 3 орынды БЖСМ командасы (жаттықтырушы Жандос Қанафин) жеңіп алды. Сонымен қатар, жеке аталымдар бойынша үздік ойыншылар да марапатталды. «Үздік доп

шығарушы» - Әділ Ақтайлақов (Чернова орта мектебі), «Үздік қорғаушы» - Арман Қалиасқаров (Шыңғыстай о.м.), «Үздік шабуылшы» - Ернар Сұлтанғазин (Шыңғыстай о.м.), «Ең жас ойыншы» - Айдос Кенжебаев (Солоновка о.м.), турнирдің ең үздік ойыншысы болып Ернұр Төлеуханов (БЖСМ командасының ойыншысы) танылды.

Жеңімпаздарға грамоталар мен медальдар және ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Жарысты өткізуге жеке кәсіпкерлер Жанат Жанұзақов пен Данияр Мұслиманов демеушілік етті.

Өз тілшіміз.

Құттықтаймыз!

Қабырға ауылының тұрғыны, аяулы келініміз Мамырханова Күлімкөз Мамырқызын 15 қазан күні мерейлі 50 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!



Қашанда ізгіліктің жағындасың,
Толысқан, ақыл тұнған шағындасың.
Тілейміз бақытты да ұзақ ғұмыр,
Құтты болсын бүгінгі елу жасың!

Ізгі тілекпен: апайлары Гүлжайна,
Гүлсара.

Жамбыл ауылының тұрғыны асыл жар, сүйікті әке Нысайынов Талант Райманұлын 40 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Денсаулығың мықты болып, отбасыңа адал, еліңе сыйлы азамат бол. Алла берген жасты жасап, отбасыңмен бірге армандарыңа жете беруіңе тілектеспіз.

Асыл жар, арқа сүйер тірегіміз,
Балалардың әкелісі, жүрегісіз.
Орда бұзар, қамал 40-та,
Тіл көзден Алла сақтасын деп тілейміз.
Құдай қосқан қосағымсың жасымнан,
Көзіңнен нұр, бойыңда күш тасыған.
Елге сыйлы азамат бол жан-жарым,
Бірәе өтейік биік-биік асудан!

Ізгі тілекпен: жарың - Гаухар, қыздарың - Әсем, Балым, ұлың - Ерсұлтан.



Хабарландырулар

«Чемпион-2» дүкені

Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, 77 (әділет басқармасына қарама-қарсы) тел. 2-13-88.

Тауарлар сәнді және сапалы!

Жаңа түсімдер!

29 қазанға дейін **10% - жеңілдікпен. Асығыңыздар!**

Барлық тауарларды банк арқылы НЕСИЕГЕ ресімдеуге болады.

«Ақсу ауылы «Еркетай» балабақшасы» КМҚК-на:

-0,25 ставкаға музыкант;

-0,5 ставкаға медбике қажет.

Қойылатын талаптар: білімі арнайы болуы тиіс.

Мекен-жайы: Ақсу а., Тәуелсіздік к-сі, 28/1. Тел. 9-5-02-47.

ПИАНИНО САТАМЫН. Өте жақсы жағдайда. Бағасы келісім бойынша.
Тел. 2-10-41 (үй); 87787089861.

«Өрел орта мектебі» КММ-не төмендегідей маман қажет:

-дене шынықтыру пәнінің мұғалімі - 1 бірлік, 18 сағат.

Қойылатын талап: арнайы білімі болуы қажет.

Тел. 8(723)30 2-62-11.

«Қызыл Жұлдыз негізгі орта мектебі» КММ-не төмендегідей мамандар қажет:

-информатика пәнінің мұғалімі - 5 сағат;

-дене шынықтыру пәнінің мұғалімі - 15 сағат;

-психолог (декреттік демалыс уақытына) - 1 бірлік;

-есепші (декреттік демалыс уақытына) - 1 бірлік.

Қойылатын талаптар: мамандығы бойынша жоғары немесе арнаулы орта білімі болуы тиіс.

Тел. 2-09-08.

Тез арада барлық қолайлы жағдайлары бар **үш бөлмелі үй сатылады.** Моншасы, көлік-жайы, 10 соток бау-бақшалық жері бар. **Жарым-жартылай жиһаздандырылған және тұрмыстық техникалары бар.**

Бөліп төлеуге болады.

Мекен-жайы: Үлкен Нарын а., Абай к-сі, 39.

Тел. 8776-77-555-77.


Рыков атындағы орта мектептің ұжымы осы мектептің мұғалімі Дубаева Бақытжан Жәнібекқызына ағасы **Жадринов Марат Жәнібекұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Маусым тақырыбы

ЖАБАЙЫ АҢДАРДЫ ҚОРҒАЙЫҚ

Табиғат байлығын қорғау, оларды тиімді пайдалану мәселесі бұл күнде дүниежүзі үшін аса маңызды проблемалардың біріне айналып отыр. Табиғатты қорғаудың негізгі формасы – оның ресурстарын тиімді пайдалану болып табылады. Жан-жануарлар мен өсімдіктердің біраз түрлерінің жер бетінен жойылып кетуі, олардың кейбірінің жыл сайын азайып бара жатқанына байланысты табиғатты сақтап-қорғау мақсатында қорықтар мен ұлттық парктар құрылған.

Еліміздің шығысында орналасып, өзінің әсем табиғатымен талайды тамсандырған Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің негізгі міндеті - қоры азайып бара жатқан жан-жануарларды, құстар мен өсімдіктерді қорғап, олардың санын көбейте түсу, тұнық табиғат бұрын сол жерде қандай күйде болды, ертеңгі, келешек ұрпаққа оның шырқын бұзбай сол қалпында жеткізу, парк табиғатын суық қол, сұқ көзден қорғап отыру. Осы ұлттық парк аумағында дәмді ет, құнды тері, дәрі-дәрмектік шикізат беретін жабайы аңдардың көптеген түрлері тіршілік етеді. Оларды қорғау міндеті ұлттық парктің жануарларды қорғау және өндіру бөліміне жүктелген. Бұл бөлімнің негізгі атқаратын қызметі: жабайы аң-құстарға санақ жүргізу, биотехникалық іс-шаралар атқару, жабайы аң-құстарды қорғау және өсіріп өндіру, спорттық - әуесқойлық аң және балық аулаушылықты бақылау.



Жабайы аңдарды қорғау қазіргі кезде басты мәселенің бірі болып отыр. Катонқарағай МҰТП-нің аумағынан елік, марал, қасқыр, аю, борсық, бұлан, ақ



қалақ, күзен, сілеусін және т.б. жабайы аңдарды кездестіруге болады. Олардың тіршілік ету ортасы әртүрлі болып келеді. Мысалға борсықты алар болсақ, оны орманнан, даладан, таулардан кездестіруге болады. Парк құрылғаннан бері жабайы аңдарды қорғау бағытында көптеген іс-шаралар жүргізілуде. Көктемгі уақытта жабайы тұяқты аңдардың (елік, марал, таутеке, жабайы шошқа және т.б.) организмін минералды заттармен қамтамасыз етеді. Жаз, күз айларында жем-шөп, ағаш бүрлері, қайың жапырақтарының бүрлерін дайындау шаралары жүргізіледі. Қыс айларында арнайы дайындалған оттықтарға шөп салынып, қайыңның жапырақты бүрлері буылып ілінеді. Биотехникалық іс-шаралардың жабайы аңдардың қыстан қысылмай шығуына ықпалы мол. Осы іс-шараларды жүргізу үшін ұлттық парк жыл сайын арнайы қаржы бөліп отырады. Жануарларды қорғау және өндіру бөлімінің мамандары заңсыз аң аулаушылықпен тоқтаусыз жұмыс жүргізуде. Осы сынды табиғат пен қоршаған ортаны қорғауда талай игілікті істер атқарылуда.

Табиғат байлығының бірі болып саналатын жабайы аңдарды қорғау баршамамыздың міндетіміз.

Е. Қасымов.

Катонқарағай МҰТП жануарларды қорғау және өндіру бөлімінің бастығы.

ЕСКЕ АЛУЛАР

Катонқарағай ауылының тұрғыны болған **СӘРСЕНБАЕВ ҚАСЫМЖОМАРТ ЖҰМАБАЙҰЛЫНЫҢ** қайтыс болғанына бір жыл толуына байланысты сағына еске аламыз. Айналасына шуағын шашқан отбасының тірегі, ардақты әкеміздің жарқын жүзі әрдайым санамызда.

Амалсыз Алла ісіне бағынамыз,
Әрдайым өзіңізді сағынамыз.
Жәннатта жайлы орын өзіңізге,

Бұйырсын деп тәңірге табынамыз.

Еске алушылар: зайыбы, балалары, туған-туысқандары.

2015 жылдың 17 қазанында сағат 12.00-де Катонқарағай ауылындағы қатымханада марқұм Қасымжомарт Жұмабайұлының рухына құран бағышталып, ас беріледі.

Асқа ауылдастарымызды, құда-жекжат, туған-туысқандарды, достарымызды шақырамыз.

Катонқарағай ауылының тұрғыны болған аяулы жар, асыл әке, ардақты ата **ҚОҢЫРБАЕВ МАМЫРҒАЗЫ МАМАШҰЛЫН** сағынышпен еске аламыз.

Зымыраған уақыт-ай десеңші!? Отбасымыздың тірегі, ақылшысы, туған-туысқандарымыздың мақтанышы болған Мамырғазы Мамашұлынан ойда жоқта айрылып қалғанымызға да бір жылдың жүзі болды. Қатал тағдырға, тойымы жоқ сұм ажалға шара бар ма? Көретін қызығы да, қолын созған арманы да көп еді. Амал не, соның барлығы орындалмай қалды. Ширек ғасырдан астам уақыт ауданымыздың құқықорғау саласында қызмет етіп, өзінің біліктілігі мен білімділігінің, еңбекқорлығы мен адалдығының арқасында небір жауапты қызметтерді атқарған әкеміз айналасындағыларға жақсылық жасаудан да танбайтын, шаршамайтын жан еді.

Өмірінің соңғы минутын да жолдастарына қайырымдылық етумен өткізді.

Артына өшпестей өнегелі із қалдырған асыл әкеміздің орыны біз үшін ешқашанда толмайды. Оны әрдайым сағынышпен еске алып, жарқын бейнесін жүрегіміздің түбінде сақтаймыз.

Еске алушылар:

зайыбы, балалары, немерелері.

Қазан айының 19 жұлдызында сағат 12.00-де Катонқарағай ауылындағы қатымханада Мамырғазы Қоңырбаевтың жылдық асын беріп, құран бағыштаймыз. Соған барлық туған-туысқандарымызды, достарымызды, құдаларымызды, ауылдастарымызды шақырамыз.

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і. Директоры Н.Қ. Қуантаев	Компьютерлік беттеу операторы: Жайдары Нұрғазина Газет нөмірі бойынша кезекші: Жанар Қасымханова	Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.
Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті бас редакторының м.а. Шамиль Багаутдинов	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru	

Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады.
Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. **Индексі: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352.** Нөмірдің таралымы - 3193 дана: «Арай»-1665, «Луч»-1270. № 5766